

**Облыстық бюджеттердің 2009 жылдың республикалық бюджетінен мал шаруашылығы тиімділігін және өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандығы N 168 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" және "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы заңдарына сәйкес, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің 2009 жылдың республикалық бюджетінен мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану ережесі**бекітілсін.**

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

*К. Мәсімов*

Республикасы

*Үкіметіндік*

2009

жылғы

17

ақпандығы

N

168

қаулысымен

бекітілген

**Облыстық бюджеттердің 2009 жылдың республикалық бюджетінен мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Облыстық бюджеттердің 2008 жылдың республикалық бюджетінен мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 088 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде мал шаруашылығы өнімін өндіруді үлгайту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілерді (бұдан әрі - тауар өндірушілер) қолдау мақсатында ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібін айқындауды.

2. Субсидиялар сиыр етін, шошқа етін, сүтті, биязы жұнді, бройлерлік құс етін (бұдан әрі - құс еті), сондай-ақ жұмыртқалағыш кростың тауық жұмыртқасын (бұдан әрі - тағамдық жұмыртқа) өндіру мен сатуды ынталандыру мақсатында ірі қара малды, шошқаны және құстры бордақылау кезінде пайдаланылатын құрама азықтың және (немесе) құнарлы жемшөптің (бұдан әрі - құнарлы жемшөп) құнын ішінара арзандатуға (45 %-ға дейін), сондай-ақ сүт пен биязы жұнді қой (бұдан әрі - биязы жұн) өндірісіне жұмсалатын шығындарды ішінара өтеуге тауар өндірушілерге арналады.

3. Субсидиялар сиыр еті, шошқа еті, сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілерге сәйкестендірілген сою пункттерінің немесе сүтті бастанқы қайта өндеу цехтарының қызметін пайдаланған кезде қайта өндеу кәсіпорындарына немесе еркін нарықта, ал құс етінің, тағамдық жұмыртқаның, жұннің еркін нарықта сатылған өнімнің іс жүзіндегі көлемі үшін облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен квоталар шегінде төленеді.

4. Тауар өндірушілерге және өндірілген өнімнің сапасына қойылатын өлшемдер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) бұйрығымен белгіленеді. Квоталарды, өнімнің субсидияланатын көлемін анықтау шығымдылықтың тегі мен бағытына байланысты өнім шығуының зоотехникалық нормаларының негізінде жүзеге асырылады. Тексіз мал үшін шығымдылықтың орташа аудандық статистикалық көрсеткіші негізге алынады.

#### 5. Мыналар субсидиялауға жатпайды:

сиыр етін, шошқа етін, жұнді, құс етін, тағамдық жұмыртқаны және сүтті (бұдан әрі - өнім) одан әрі сату және (немесе) қайта өндеу үшін тауар өндірушілер басқа да жеке және (немесе) заңды тұлғалардан сатып алған өнім;

аффилиирленген тұлғаларға беруді немесе қайта өндеуге сатуды қоспағанда, өзара есеп айырысу есебіне аффилиирленген тұлғаларға айырбас бойынша тауар өндірушілер сатқан өнім;

жануарларды мәжбүрлі санитарлық сою нәтижесінде, сондай-ақ аса жұқпалы аурулар бойынша карантиндік және шектеулі іс-шаралардың әрекет ету кезеңінде тауар өндірушілер алған өнім.

6. Субсидияларды алуға арналған өтінімдердің, тауар өндірушілер үшін квоталар жасаудың, аудан бойынша сатылған өнімнің көлемі бойынша жиынтық актінің, сатылған өнімге субсидиялар төлеу туралы облыс бойынша жиынтық ведомостың, есептіліктің үлгі нысандарын, сондай-ақ тірі салмағын сойысқа аудару коэффициентін, қаражатты бөлудің жылдық сметасын Министрлік бекітеді.

7. Ирі қара малды, шошқаны, құстры бордақылау үшін пайдаланылатын құрама азықтың (құнарлы жемшөптің) 1 (бір) килограмының құнын арзандату, өнімнің 1 (бір) килограмын өндіруге жұмсалатын құрама азық (құнарлы жемшөп) шығысының, өз

өндірісінің сатылған өнімінің 1 (бір) килограмына арналған субсидиялардың нормативі осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

8. Министрлік бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде облыстық бюджеттерге мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес, сондай-ақ қол қойылған Облыс әкімі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі арасындағы Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім шегінде аударады.

## **2. Мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруға берілетін субсидияларды пайдалану тәртібі**

9. Облыс әкімінің шешімімен облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасарының төрағалығымен құрамында облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасының (бұдан әрі - Басқарма), Министрліктің аумақтық инспекциясының, сондай-ақ олар болған жағдайда Мал шаруашылығы саласындағы қауымдастықтың мамандары бар комиссия (бұдан әрі - облыс Комиссиясы) құрылады. Облыс Комиссиясының жұмыс органды Басқарма болып табылады. Облыс Комиссиясының құзыретіне мыналар кіреді:

1) үш жұмыс күні ішінде аудан әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - бөлімдер) ұсынған, тауар өндірушілердің өтінімдерінен, олардың субсидиялар алушыларды санаттарға жатқызған тізімнен, субсидияланатын өнім көлемінің жылдық квота мөлшерінен тұратын субсидиялар алуға арналған жиынтық материалдарды (бұдан әрі - материалдар) қарau;

2) материалдарды қарau қорытындылары бойынша тауар өндірушілердің субсидиялар алуға арналған жиынтық тізімін, субсидиялауға жататын өнімді сатуга арналған жылдық квоталарды, сондай-ақ субсидиялар көлемін облыс әкіміне бекітуге үсінү.

10. Тауар өндірушілердің өтінімдері белгіленген квотадан асып түскен жағдайда облыс Комиссиясы отарында тұқымдық малдың улес салмағы жоғары болған (сиыр еті, шошқа еті, сүт бойынша) тауар өндірушілерді тізімге енгізеді. Ал құс еті мен тағамдық жұмыртқа үшін өтінімдер көлемі бойынша барабар бөледі.

11. Тауар өндірушілер осы Ереже ресми жарияланған күнінен бастап екі апта мерзімде субсидиялар алуға арналған өтінімдерді тиісті аудандардың бөлімдеріне үсінады.

12. Бөлім өтінімдердің тұсу шамасына қарай үш жұмыс күні ішінде ұсынылған өтінімдерді тексеруді жүзеге асырады және олар сәйкес болған жағдайда субсидиялар алушыларды санаттарға жатқыза отырып, олардың жиынтық тізімін және тауар өндірушілер белінісінде жылдық квоталар көлемін жасайды және аудан әкімінің қолымен материалдарды облыс Комиссиясының қарауына жібереді. Ұсынылған өтінімдер белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бөлім үш жұмыс күнінен

кешіктірмей оларды тауар өндірушілерге ұсынылған өтінімдердің белгіленген талаптарға сәйкес келмеу себептеріне сипаттама бере отырып, пысықтауға қайтарады.

13. Облыс әкімі облыс Комиссиясының ұсынысы бойынша:

тауар өндірушілердің субсидиялар алу құқығына арналған тізімді;

тауар өндірушілерге берілетін квоталар мен сатылатын өнімнің жоспарланып отырған көлеміне берілетін субсидиялар көлемін бекітеді.

14. Тізімге енгізілген тауар өндірушілер өнімнің сатылуына қарай субсидиялар алу үшін ай сайын, бірақ 2009 жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей бөлімге мынадай құжаттарды

ұсынады:

1) сатылған өнімге төлем құжатының көшірмесін (қолма-қол ақшасыз есеп айырысқан жағдайда банктің төлем тапсырмасы және (немесе) қолма-қол есеп айырысқан жағдайда кіріс-кассалық ордер және (немесе) шот фактура);

2) қайта өндеу кәсіпорнының сәйкестендіру кодының бар болуы туралы анықтама, ал еркін нарықта сатқан жағдайда қосымша сиыр етін, шошқа етін, сұтті сату кезінде мал сою немесе сұтті бастапқы қайта өндеу бойынша қызмет көрсету жөніндегі төлем құжаттың

кеширмесін.

15. Бөлім ай сайын құжаттардың тұсу шамасына қарай бес жұмыс күні ішінде, бірақ 2009 жылдың 25 желтоқсаннан кешіктірмей осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тексереді. Олар сәйкес келген жағдайда аудан бойынша өнімді сату туралы жиынтық акт жасайды және бекітеді және жиналған құжаттарды және төлем шоттарын осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс бойынша біріктірілген жиынтық ведомость қалыптастыратын Басқарманың қарауына және төлеуге

ұсынады.

16. Ұсынылған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бөлім үш жұмыс күні ішінде оларды тауар өндірушілерге олардың сәйкес келмеу себептеріне сипаттама бере отырып, пысықтауға қайтарады.

17. Тиесілі субсидияларды тиісті тауар өндірушілердің ағымдағы шоттарына аударуды Басқарма төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне 2 данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсыну жолымен жүзеге асырады.

18. Бөлім субсидиялар төлеу үшін Басқармаға ұсынылатын құжаттардың, сондай-ақ материалдардың дұрыстыры үшін жауапты болады.

19. Басқарма субсидиялауға жататын өнімдерді сатуға арналған жылдық квоталарды, субсидиялар көлемін бөлуге, сондай-ақ ағымдағы нысаналы трансфертердің субсидиялауға қатысатын тауар өндірушілерге уақтылы аударылуына жаупты болады.

20. Басқарма Министрлікке ай сайын есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, бірақ 2009 жылғы 30 желтоқсаннан кешіктірмей Министрлік бекіткен

нысандар бойынша бюджеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есепті ұсынады.

21. Облыс әкімдері Министрлік жарты жылдықтың қорытындылары бойынша тікелей және түпкілікті нәтижелердің іс жүзіндегі жетістіктері туралы аралық есепті 30 шілдеден кешіктірмей, ал қорытынды есепті келесі қаржы жылының 1 ақпанынан кешіктірмей

ұсынады.

22. Қандай-да бір облыс бөлінген қаражатты толығымен игермеген жағдайда Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық бюджетте 2009 жылға арналған бюджеттік бағдарламаны іске асыруға көзделген қаражат шегінде облыстар бойынша субсидиялар төлеуге арналған қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

23. Министрлік жасалған нәтижелер туралы келісімдер негізінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес ағымдағы нысаналы трансфертерді төмен тұрған бюджеттерге уақтылы аудармағаны үшін жауапты болады.

24. Облыс әкімдері нысаналы трансфертерді жасалған нысаналы трансфертер бойынша нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес пайдаланбағаны үшін, алынған нысаналы трансфертерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті ұсынбағаны үшін жауапты болады.

25. Министрлік пен облыс әкімдері ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану кезінде тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбегені үшін жауапты болады.

Ережеге

1-

қосымша

## 1. Құрама азықтың (құнарлы жемшөптің) 1 килограмының құнын арзандату нормативі

P/c N	Өнімнің атауы	Құрама азықтың (құнарлы жемшөптің) 1 килограмын арзандату нормативі, теңге	
1.	Сиыр еті - I деңгей	құрама азық	16,4
2.	Сиыр еті - II деңгей	құрама азық	14
3.	Сиыр еті - II деңгей	құнарлы жемшөп	9,5
4.	Сиыр еті - III деңгей	құрама азық	9,1
5.	Сиыр еті - III деңгей	құнарлы жемшөп	7,3
6.	Шошка еті		13,9
7.	Құс еті		25,4
8.	Жұмыртқа		13,1

## 2. Өнімнің 1 килограмын, 10 данасын өндіруге жүмсалатын құрама азық (құнарлы жемшөп) шығысының нормативі

P/c N	Өнімнің түрі	Өнімнің 1 килограмын, 10 данасын өндіруге жүмсалатын құрама азық (құнарлы жемшөп) шығысының мөлшері, килограмм	
1.	Сиыр еті - I деңгей	құрама азық	11

2.	Сиыр еті - II деңгей	құрама азық	11
3.	Сиыр еті - II деңгей	құнарлы жемшөп	11
4.	Сиыр еті - III деңгей	құрама азық	11
5.	Сиыр еті - III деңгей	құнарлы жемшөп	11
6.	Шошқа еті		7
7.	Құс еті		2,61
8.	Жұмыртқа		0,2

### 3. Өз өндірісінің сатылған өнімінің 1 килограмына, 1 данасына арналған субсидиялардың нормативі

P/c N	Өнімнің түрі	Өз өндірісінің сатылған өнімінің 1 килограмына, 1 данасына арналған субсидиялардың нормативі, теңге	
1.	Сиыр еті - I деңгей	құрама азық	170
2.	Сиыр еті - II деңгей	құрама азық	138
3.	Сиыр еті - II деңгей	құнарлы жемшөп	90
4.	Сиыр еті - III деңгей	құрама азық	100
5.	Сиыр еті - III деңгей	құнарлы жемшөп	80
6.	Шошқа еті		98
7.	Құс еті		66
8.	Жұмыртқа		2,6

### 4. Сатылған өнімнің 1 килограмын өндіруге жұмсалған шығындарды арзандату нормативі

P/c N	Өнімнің түрі	Өз өндірісінің сатылған өнімінің 1 килограмының өзіндік құны, теңге	Өз өндірісінің сатылған өнімінің 1 килограмының өзіндік құны, теңге	Өз өндірісінің сатылған өнімінің 1 килограмының өзіндік құны, теңге
1.	Сүт - I деңгей	68	30	20
2.	Сүт - II деңгей	47	23	11
3.	Сүт - III деңгей	47	11	5
4.	Жұн (биязы)	360	45	162

Е р е ж е г е

2-қосымша

"Бекітемін"  
облысы

Ауыл шаруашылығы  
бастығы  
(Т.А.Ә., қолы, мәрі)

Басқармасының

2009 жыл "\_\_\_"

облысы бойынша 2009 жылғы \_\_\_  
өндіруге және сатуға субсидиялар төлеуге арналған  
(сиыр еті, шошқа еті, құс еті, жұмыртқа, сүт және жұн - (керегін қалдыру)  
**біріктірілген жиынтық ведомость**

Атауы		Өнімді сату- дышын жылдық квотасы, тонна,	1 кг, өнімді арзан- дату норма- тиві,	Суб- си- дия- лар- дың жалпы ка-	Іс жүзінде сатылған өнім, тонна, мың дана	Өнімді өндіру және сату үшін іс жүзінде пайдаланылған кұрама азықтар (күнарлы азықтар), тонна	Жыл басы- нан жыл басы- нан пайдаланылған бас- тап суб- тонна	Жыл басы- нан бас- тап тө- лен- гені, сома- сының	Суб- си- дия- лар- дың тиесілі	Төле- нуге жата- тыны, теңге
ар- найы кәсі- порын- дар	өнім- дер	мың дана	тенге	жет- тілі- гі, тенге	жыл басы- нан бас- тап	есеп- ті айда	жыл басы- нан бас- тап	есеп- ті айда	дия- лар- дың тие- сілі со- масы, тенге	сома- сының қал- дығы, тенге

Мал шаруашылығы бөлімінің  
 бастығы (жауапты тұлға) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., қолы)  
 Бухгалтер (жауапты тұлға) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК